

2016-2019 жылдар кезеңіне озонды бұзатын заттарды тұтыну лимиттерін (квоталарын) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 4 ақпандағы № 35 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 5 наурызда № 13399 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 313-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 30 қазандағы Заңымен қосылған Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған 2016-2019 жылдар кезеңіне озонды бұзатын заттарды тұтыну лимиттері (квоталары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2016 – 2019 жылдар кезеңіне озонды бұзатын заттарды тұтыну лимиттері (квоталары)

Жылдар	Квоталар (тонна)*
2016	71
2017	71
2018	71
2019	71

Ескертпе:

* цифрлер Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың шеңберінде үшінші елдермен саудалауда Кеден одағына мүше мемлекеттерге әкелуге немесе әкетуге тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын Тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.1-бөлімінің С тізімінде көрсетілген озонды бұзатын заттарға қатысты және Озон қабатын бұзатын заттар бойынша Монреаль Хаттамасының Тараптары Отырысының шешіміне сәйкес (№ XXVI/13, 2014 жыл) белгіленген.

Сыртқы сауда қызметінің қатысушылары арасында озонды бұзатын заттарды тұтынуға рұқсат етілген көлемін бөлу сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысы 2014 – 2015 жылдары әкелген көлемге пропорционалды жүзеге асырылады ($V_{i(2014)}$, $V_{i(2015)}$)

Сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысына озонды бұзатын заттардың тұтынуға рұқсат етілген көлемі сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысы белгіленген тәртіппен берген өтініште көрсетілген көлемге қарамастан, озонды бұзатын заттарды тұтынуға рұқсат етілген көлемін есептеуге сәйкес есептелген көлемнен (V_i) аспауы тиіс.

2016, 2017, 2018 және 2019 жылдар ішінде бойынша белгіленген тәртіппен озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуға өтінім берген сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысы үшін озонды бұзатын заттарды тұтынуға рұқсат етілген көлемді (V_i) есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$V_i = k_i * V_{\text{жалпы}}$$

мұндағы:

$V_{\text{жалпы}}$ – мөлшерлік шектеумен белгіленген және 2016 – 2019 жылдары тұтынуға

рұқсат етілген озонды бұзатын заттардың көлемі, тонна;
 k_i – сыртқы сауда қызметінің әрбір қатысушысы үшін мына формула бойынша есептелген коэффициент:

$$k_i = \frac{V_{i(2014)} + V_{i(2015)}}{V_{\text{жалпы}(2014)} + V_{\text{жалпы}(2015)}},$$

м ұ н д а ғ ы :

$V_{i(2014)}$ – сыртқы сауда қызметінің i -ші қатысушысы 2014 жылы әкелген озонды бұзатын заттардың көлемі, тонна;

$V_{i(2015)}$ – сыртқы сауда қызметінің i -ші қатысушысы 2015 жылы әкелген озонды бұзатын заттардың көлемі, тонна;

$V_{\text{жалпы}(2014)}$ – сыртқы сауда қызметінің барлық қатысушылары 2014 жылы әкелген озонды бұзатын заттардың көлемі, тонна;

$V_{\text{жалпы}(2015)}$ – сыртқы сауда қызметінің барлық қатысушылары 2015 жылы әкелген озонды бұзатын заттардың көлемі, тонна.